

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді



Заң ғылымдарының
кандидаты,
доцент,
ҚР Педагогикалық
ғылымдар
академиясының
корреспондент
мүшесі,
Халықаралық
информатизация
академиясының
академигі
Асыл Смағұлқызы
Смағұлова

Асыл Смағұлқызы

АСЫЛ ЖЫЛДАРЫ

4-5

Бүгінгі санға



6-7

НАУРЫЗДАН
НАУРЫЗҒА
ДЕЙІН



8-9

ГЛАВНОЕ —
СОЦИАЛЬНОЕ
ДИСТАНЦИРОВАНИЕ



11

ҚАШЫҚТАН
ОҚИТУДЫҢ
ОҢ ӘСЕРІ



16

ШИ
БАУРСАКИ

Басты жаңалықтар

ҚАЛАНЫҢ ЖАҢА ӘКІМІ БРИФИНГ ӨТКІЗДІ

Асхат Шахаровтың алғаш өткізген брифингі қала өміріне қатысты жан-жақты мәселелерді қамтыды. Дегенмен тұрғындар мен журналистер сұрақтары әлемдік індет коронавирусы пандемиясы төңірегінде қойылды. Шаһар басшысы төтенше жағдай кезінде қала аумағы 23 секторға бөлініп, арнайы база жасақталғанын айтты. Базалар мектеп ғимараттарында орналасқан, онда мемлекеттік қызметкерлер тұрғындармен жұмыс жасайды. Бетперде тапшылығы мәселесі шешімін табатынын, бұл мақсатта қаладағы кәсіпорындар мен шағын тігін цехтары жұмылдырылғанын, олар тәулігіне 5 мың бетперде тігіп шығара алатынын жеткізді. Дәріханаларда жоқ парацетамол дәрісі де жуырда түсетінін, дүкендердегі баға өсімі тұрақталатынына да сендірді. Коронавирус инфекциясына қарсы дезинфекциялық шараларға 42 млн.теңге бөлінген. «Қоғамдық көлік пен аялдамаларға зарарсыздандыру жүргізілуде. Дертке шалдыққандар үшін 3200 керуеттік орын дайындалған. Бұл әзірге жеткілікті», — деді А.Шахаров.

НОВЫЙ АКИМ ГОРОДА ПРОВЕЛ БРИФИНГ

Первый брифинг Асхата Шахарова охватил широкий круг вопросов, связанных с городской жизнью. Однако вопросы жителей и журналистов касались глобальной пандемии коронавируса. Аким сказал, что на время чрезвычайной ситуации город разделен на 23 сектора, созданы специальные базы. Последние расположены в школьных зданиях, где государственные служащие проводят работу с населением. По его словам, проблема нехватки масок будет решена, для этого мобилизованы предприятия города и небольшие швейные мастерские, которые смогут шить 5000 масок в день. Он также заверил, что парацетамол, которого нет в аптеках, скоро будет доступен, а цены в магазинах стабилизируются. На мероприятия по дезинфекции от коронавирусной инфекции было выделено 42 млн. тенге. Дезинфекция общественного транспорта и автобусных остановок идет полным ходом. Для зараженных подготовлено 3200 койко-мест. Этого пока достаточно, отметил А. Шахаров.

THE NEW AKIM OF THE CITY HELD A BRIEFING

The first briefing by Askhat Shakharov covered a wide range of issues related to urban life. However, questions from residents and journalists were regarding the global pandemic of the coronavirus. The akim said that during the emergency, the city is divided into 23 sectors, a special base has been created. The latter are located in school buildings where public servants work with the public. According to him, the problem of shortage of masks will be solved, for this the city enterprises and small sewing workshops that can sew 5000 masks per day are mobilized. He also assured that paracetamol, which is not available in pharmacies, will be available soon, and prices in stores will stabilize. 42 million tenge were allocated for measures for disinfection from coronavirus spreading. Disinfection of public transport and bus stops is being fully performed. 3200 beds have been prepared in case number of infected increases. This is enough for now, noted A.Shakharov.

Главные новости

Main news



АҚТӨБЕЛІКТЕР АБАЙДЫҢ ЖЕКЕ ЗАТТАРЫН ТАМАШАЛАДЫ

Ақтөбеде "Жидебай-Бөрілі" мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музейінің көшпелі көрмесі қойылды. Онда көрермен ұлы ақын Абай Құнанбаевтың 50-ге тарта жеке дүниелерімен танысты. Данының қолының табы тиген ер-тоқым, кісе белбеу, асатаяқ, сыбызғы, араб тіліндегі кітаптар көпшілік қызығушылығын тудырды. Сондай-ақ көрмеге ақынның үшінші жары — Еркежанның тұтыңған заттары да әкелінді.

"Абай мұрасы-рухани қазына" жалпы тақырыбын қамтыған көшпелі көрменің ресми ашылуына Жұбанов университетінің ректоры, абайтанушы Бауыржан Ердембеков те қатысып, лебізін айтты.

Көшпелі көрме Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналып, Ақтөбе облыстық мәдени, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен өтті.

ЖИТЕЛИ АҚТӨБЕ ВОСХИЩАЛИСЬ ЛИЧНЫМИ ВЕЩАМИ АБАЯ

В Актобе прошла передвижная выставка Государственного историко-культурного и литературно-мемориального музея "Жидебай-Борили". На ней зрители смогли ознакомиться с порядка 50 личными принадлежностями великого поэта Абая Кунанбаева. Особое внимание привлекли его седло, кожаный пояс, трость, национальные музыкальные инструменты - сыбызгы и асатаяк, книги на

арабском языке - все к чему лично прикоснулся Абай. Также была представлена одежда жены поэта Еркежан.

Ректор Университета им.К.Жубанова, ученый-абаевед Бауржан Ердембеков принял участие на официальном открытии передвижной выставки «Наследие Абая - духовное сокровище» и выразил свои пожелания ее работе. Передвижная выставка, посвященная 175-летию Абая Кунанбаева, проходила у нас при поддержке Актыбинского областного управления культуры, архивов и документации.

AKTOBE RESIDENTS ADMIRE ABAY'S PERSONAL BELONGINGS

A traveling exhibition of the State Historical, Cultural and Literary Memorial Museum "Zhidebay-Borili" was held in Aktobe. During the exhibition, viewers were able to get acquainted with about 50 personal belongings of the great poet Abay Kunanbayev. Particular attention was drawn to his saddle, leather belt, cane, national musical instruments - sybyzgy and asatayak, books in Arabic - all that Abai personally touched. The clothes of the poet's wife Erkezhana were also presented. Rector of K.Zhubanov University, a specialist in Abay studies, Baurzhan Erdembekov attended the official opening of the traveling exhibition "Abay's legacy is a spiritual treasure" and expressed his wishes for its work. A traveling exhibition dedicated to the 175th anniversary of Abay Kunanbayev was held with the support of the Aktobe regional department of culture, archives and documentation.

НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНДЕ ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН СӘБИЛЕРГЕ СЫЙЛЫҚ БЕРІЛДІ

Төтенше жағдай кезінде жалпыхалықтық Наурыз мерекесі аталып өтпеді. Бұқара мерекені өз отбасында ғана өткізуге мәжбүр болды. Сол күні облыстық перинаталдық орталықта, Ақтөбе медициналық орталығында, Қарғалы қалалық ауруханасында жас босанған аналарға қала әкімдігі арнайы сыйлық жасады. Бокс-қорапта бөбекке алғашқы айларда қажет барлық заттар: гигиеналық құралдар, жаялықтар, көрпешелер бар.

ДЕТЯМ, РОЖДЕННЫМ В ПРАЗДНИКЕ НАУРЫЗ, ВРУЧИЛИ ПОДАРКИ

Во время чрезвычайного положения в стране национальный праздник Наурыз мейрамы не отмечался. Население было вынуждено проводить день равноденствия в кругу

близких. В этот день, 22 марта, акимат города вручил специальные подарки-боксы новоиспеченным мамам, находящимся в родильных отделениях областного перинатального центра, Актыбинского медицинского центра, Каргалинской городской больницы. В подарочной коробке есть все, что нужно ребенку в первые месяцы: средства гигиены, подгузники, одеяла и пеленки.

CHILDREN BORN IN NAURYZ HOLIDAY WERE PRESENTED GIFTS

During the state of emergency in the country, the national holiday of Nauryz meiramy was not celebrated. The nation celebrated the equinox day in a circle of loved ones. On this day, March 22, the city akimat presented special gifts-boxes to newly minted mothers in maternity wards of the regional perinatal center, Aktobe Medical Center, and Kargaly City Hospital. The gift box has everything that a child needs in the first months: hygiene products, diapers, blankets and swaddles.

Басты жаңалықтар

Главные новости

Main news

ҒАЛЫМ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛДЫ

Жұбанов университетінде "Жаңартылған білім мазмұны: көптілді тұлғаның дискурстық құзіреттілігін қалыптастыру әдістері" тақырыбында өткізілген ғылыми-әдістемелік семинар филология ғылымдарының докторы, профессор Күлзат Садированың мерейлі 50 жасқа келген тойына арналды. Семинарда тіл білімінің теориялық мәселелерін практикамен ұштастыру тәжірибесі талқыланды. Семинарға қатысқан университет ректоры Бауыржан Ердембеков педагогика саласына сіңіріп келе жатқан ерен еңбегі мен университеттегі нәтижелі ғылыми қызметі үшін Күлзат Қаниқызына алғысын айтып, "Жұбанов" медалімен наградады. Сондай-ақ мерейлі жас



халықаралық беделді "Scopus", Thomson" мәліметтер қорының жинақтарында жарияланып жүр. К. Садирова Түркия, Қытай, Ресей мемлекеттерінің үздік университеттерінде тағлымдамадан өтіп, тәжірибе жинақтаған педагог.



иесінің білім беріп, тәрбиелеген шәкірттері, үзегілес әріптестері ыстық лебізге толы құттықтау сөздерін жолдап, сый көрсетті.

ЖОО-да 25 жылдан бері үздіксіз еңбек етіп келе жатқан Күлзат Қаниқызын ұжымдастары мамандығына берілген адалдығына, ғылымға деген зор құштарлығына, жоғары ұйымдастырушылық қабілетіне, үлкен адамгершілік қасиетіне қарай аса бағалайды. Ұстаздық өмір жолында ол қарапайым оқытушылықтан кейін, кафедра меңгерушісінен факультет декандығына дейінгі лауазымдарды лайықты атқарып келеді. К. Садирова 2012 жылы "ЖОО-ның үздік оқытушысы" республикалық байқауында жеңімпаз атанды. 130-дан астам ғылыми, оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік жұмыстар жазды. 7 көлемді оқу құралының, 3 монографияның, 1 электронды оқулықтың авторы. Оның зерттеу мақалалары

Әріптестері мен шәкірттерінің құрметіне тебіренген Күлзат Қаниқызы: "Елу жас туралы қай сипаттама болсын "Жақсы жасқа жету" ұғымы тұр. Маған "Жақсы жасқа" "жақсы" жеттіңіз" деп жатырсыздар. Бұл бір еңбек рақатын сезінген күн болды", — деп рақметін айтты.

ПОСВЯТИЛИ ЮБИЛЕЮ УЧЕНОГО

В университете им. К. Жубанова состоялся научно-методический семинар «Содержание современного образования: методы формирования дискурсивной компетентности многоязычной личности», посвященный 50-летию доктора филологических наук, профессора Кульзат Садировой. На семинаре обсуждался опыт объединения теоретических проблем языкознания с практикой. Ректор университета Бауыржан Ердембеков, приняв

ший участие в семинаре, поблагодарил Кульзат Каниевну за вклад в область педагогики и плодотворную научную работу в университете, наградив медалью «Жубанова». Студенты, выпускники и коллеги проявили свое почтение и выразили теплые поздравления юбиляра.

Коллеги ценят Кульзат Каниевну, которая работает в университете уже 25 лет, за ее преданность своей профессии, страсть к науке, высокие организационные навыки и отличные моральные качества. Ее карьерная лестница началась с преподавательской деятельности, она занимала различные должности, начиная от заведующего кафедрой до декана факультета.

В 2012 году она выиграла национальный конкурс «Лучший преподаватель вуза». Ею написано более 130 научных, учебных, научно-методических работ. Автор 7 томов учебников, 3 монографий, 1 электронного учебника. Ее научные статьи публикуются в сборниках престижных международных баз данных «Scopus», «Thomson». К. Садирова проходила стажировку в лучших университетах Турции, Китая и России.

Кульзат Садирова с благодарностью обратилась к чествовавшим ее коллегам и ученикам: «Каким бы ни было описание пятидесяти лет, существует концепция «Что это достижение хорошего возраста». Вы говорите мне: «Вы хорошо достигли хорошего возраста». Это был день удовольствия от проделанной за все годы работы».

DEDICATED TO THE SCIENTIST'S ANNIVERSARY

At the university of K. Zhubanov a scientific and methodological seminar "The content of modern

education: methods of forming the discursive competence of a multilingual personality" was held. It was dedicated to the 50th anniversary of Doctor of Philology, Professor Kulzat Sadirova. The seminar discussed the experience of combining theoretical problems of linguistics with practical tools. University rector Baurzhan Yerdembekov, who took part in the seminar, thanked Kulzat Kanievna for her contribution to the field of pedagogy and fruitful scientific work at the university, having awarded her with the Zhubanov medal. Students, graduates and colleagues showed their respect and expressed warm congratulations to the hero of the day. Colleagues appreciate Kulzat Kanievna, who has been working at the university for 25 years, for her dedication to her profession, passion for science, high organizational skills and excellent moral qualities. Her career ladder began with teaching, she held various positions, ranging from the head of the department to the dean of the faculty. In 2012, she won the national competition "The best teacher of the university." She has written more than 130 scientific, educational and methodological works. The author of 7 volumes of textbooks, 3 monographs, 1 electronic textbook. Her scientific articles are published in collections of prestigious international databases "Scopus", "Thomson". K. Sadirova took an internship at the best universities in Turkey, China and Russia. Kulzat Sadirova gratefully addressed colleagues and students honoring her: "Whatever the description of fifty years old, there is the concept of "What is the achievement of a good age". You tell me: "You have well reached a good age." It was a day of pleasure from the work done over all years."



● Ақ ағамы

● Человек месяца

● Person of the month

Асыл Смағұлұлы ұстаздың

АСЫЛ ЖЫЛДАРЫ



Ұстаздық келбеті келіскен жандар болады. Оларды көрген бейтаныс адам өнбойына жылу тарап, мейірлене қалады. Жүріс-тұрысын түзеп, тәрбие үлгісін көрсеткісі келеді. Тұлғасынан мәдениеттілік, адамгершілік, тартымдылық есіп тұратын Асыл Смағұлқызын алғаш көргенде өз басым жоғарыдағыдай күй кештім. Заңгер-ғалымның бір жағынан сұсы басатыны да рас. Тілдесе келе 70 атты ақ бұрым жасқа келіп қалған ұстаздың өмірі енді басталғандай сезіледі. Өйткені ол ылғи қозғалыс үстінде жүреді. Тек нәтижеге еңбектенетін Асыл Смағұлқызы педагогикалық қызметке 50 жылға жуық уақытын арнапты. Оралдағы А.С.Пушкин атындағы мемлекеттік педагогикалық институтты 1974 жылы тамамдап, ауыл мектептерінде тарих пәнінің мұғалімі болып істеген. Заңгер болуды бала жасынан армандаған мақсатына 2001 жылы, 51 жасында жетеді. Жұбанов университетінде еңбек етіп жүргеніне де 20 жылдан асты. Кемелді белестері, асыл жылдары осы жерден бастау алды. 2004 жылы Алматы қаласында кандидаттық диссертациясын абыройлы қорғап шықты. Ғылыми-зерттеу тақырыбы қазақтың әдет-ғұрпы құқығындағы мұра мен мұрагерлікке арналды. Осы тың тақырыппен ұзақ айналысты. Тармақтарға бөліп, 4 монография жазды, 10-ға жуық оқу құралдарын шығарды. 200-ден астам мақала жазды. Тіпті жеке өмірі мен қызметін негізге алып, отбасы құндылықтары туралы кітап та шығарды. Енді әдет-ғұрып құқығындағы азаматтық қатынастың реттелуін докторлық жұмысына тақырып етіп алыпты. Доцент Асыл Смағұлованың еңбектері еліміздің ЖОО-дарында оқитын студенттерге қолжетімді, республикалық кітапханалар қорына енгізілген.

Ол ғылымдағы белсенділігін 2006 жылы заң факультетіне декан болып тағайындалғанда арттыра түсті. Сол кезде студенттер де зерттеу жұмыстарына көбірек тартылып, түрлі деңгейдегі конференцияларға жіберілді. Халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференциялар заң факультетінің ұйымдастыруымен жиі өтті. Ресей мен Қырғызстанның жоғары оқу орындарымен қазірге дейін жалғасып жатқан байланыс орнатылды. «Үйреткенімнен үйренерім әлі де көп» деген ұлағатты ұстаз, заң ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚР Педагогикалық ғылымдар академиясының корреспондент мүшесі, Халықаралық информатизация академиясының академигі Асыл Смағұлқызы Смағұловамен сыр бөлісіп, мерейлі мерейтойымен құттықтаған журналист Гүлнара Қараша.

— Сіз ылғи позитивті қалыпта жүресіз. Түсіңіз жылы, ізетті жансыз. Бойыңызда бұл қасиеттер туғаныңыздан бар ма, әлде жүре келе қалыптастырдыңыз ба?

— Мен отбасында кеш туған баламын. Дүние есігін ашқанымда өкем 58 жаста, анам 38 жаста болған екен. Өкем арабша сауатты, молда, сөзге шешен, саусағынан өнер тамған шеберлігімен елге сыйлы жан болды. Анам қарапайым үй шаруасындағы әйел еді. Өте пысық, тазайын болатын. Алдымда екі ұл сүйіп өсірген өкешешем маған Асыл деп ат

сына қатысты жазған зерттеу еңбектеріңізді білеміз. Елімізде азаматтық құқық туралы заңның орындалуында қандай ілгерілеу бары жайлы айта алар едіңіз?

— Азаматтық құқықтың қарқынды дамуына нарықтық экономикаға өтудің әсері зор болды. Азаматтық қатынас әрбір қоғамның даму қарқынына байланысты ертеден ақ дамып отырды. Қазіргі азаматтық қатынастың дамуына халықаралық, саяси, экономикалық байланыстың кеңеюі, түрлі шарттардың пайда болуы да әсер етуде. Егеменді



қойып, ардақтады. Ұяң да, ұялшақтау болып өсуім табиғатымнан. Дегенмен оқу бітіріп жұмысқа араласуым, тұрмыс құруым, ата-анамның қарт, сырқатты болуы мені тезірек пысықты-ау деймін. Бірақ бойымда өу бастан ыждағаттылық, тырысушылық, жауапкершілік, алған бетімнен қайтпайтын қайсарлық та бар еді. Алдыма қойған мақсатқа қалайда жету, қолыма алған істі аяғына жеткізу менің негізгі өмірлік қағидам десе болады. Сол қағидамды әлі күнге дейін ұстап келемін.

— Азаматтық заң сала-

Қазақстан халықаралық интеграцияға өз атынан қатысуда. Бұл жетістік, ілгерілеу.

— Заңгер мамандығы әйел затына ауырлау мамандық. Десе де таңдапсыз. Жүрек қалауыңыздың түпкі сырымен бөліссеніз.

— Армандаған мамандығыма бірден қолым жетпеді. Қарт өке-шешем ауылдан ұзатқысы келмеді. Оның үстіне заңгер дайындайтын жоғары оқу орындары аз әрі оған түсу үшін конкурс баллы өте жоғары еді. Сондықтан іргелес Орал қаласында тарихшы мамандығына

оқыдым. Бірақ заңгер болсам деген көңіл қалауым ойымнан кетпеді. Ақыры, игердім. Заң саласының даму негізін тарихымызбен байланыстыра зерттеуді ғылым жолында ұштастыруға тырыстым. Мен тікелей заң саласында практик болып істегенім жоқ. Әрине 90-жылдарда, жасөспірімдермен жұмыстың қиын кездерінде ұсыныстар көп болды. Дегенмен ғылым жолын таңдап, университетте студент-жастарға теориялық білім беруді жалғастыруға бел байладым.

— Заңгер болуға қызығатындар көп, ол мамандықты бітіргендер де жеткілікті. Бірақ, жақсы заңгер аз. Ойлантады ма?

— Жақсы заңгер болу аса жауапкершілікті талап етеді. Бұл өз ісін қалтқысыз сүюді, қиындығына көнуді, жан-жақты білімді болуды, адалдықты, әділдікті ту етіп ұстауды талап ететін мамандық қой. Қазіргі заңгер боламын деген барлық жастардың бойында осындай қасиеттер бар деп айта алмаймын. Олар мамандық таңдауға үстірт қарайтын сияқты. Сондықтан нағыз маман-заңгерлер де аз. Олардың қызметінің кіршіксіздігіне қоғамда сенімсіздік туындайтын сәттер жоқ емес. Осы мәселе ойландыратын жағдай деп есептеймін.

— Кәсіби заңгер болғысы келетін жас бойында қандай потенци-

ал болуы керек? Басты үшеуін атаңызшы.

— Батылдық, сөзге шеберлік, еңбекқорлық.

— Қазір әлем коронавирус індетінен зардап шегуде. Сіздің өмір тарихыңызда осындай қатерлердің куәсі болған оқиға болды ма? Адам өзін қалай ұстауы керек? Азаматтар төтенше жағдай кезіндегі міндеттері мен құқықтарын терең түсіне бермейді. Сіздің кеңесіңіз?

— Ия, бүкіл әлем коронавирус індетінен зардап шегуде. Бұл ащы шындық. Өз басымда белгілі бір індетке қатысты ауыр кезең болмағанмен, кешегі 90-шы жылдарда ел экономикасының құлдырауы жалпы халықтың тұрмыс-тіршілігіне ауыр тиген кезеңді бастан кештік. Жұмыссыздық, тұрмысқа қажетті қарапайым заттардың қат болуы, тамақтың тапшылығы қажытып еді. Бірақ халық мойымай, ауызбіршілікпен, болашаққа сеніп, қолда барын ұқсатып, тәртіпті сақтауы жақсылыққа әкелді ғой. Қазіргі жағдайда да сол қасиеттер керек-ақ. Той-думандатқанды қоя тұрып, сақтық шараларында бас біріктіріп, ортақ тәртіпке бағынған дұрыс. Сонда ғана сағат сайын жылдамдықпен тарап жатқан індетке қарсы тұра аламыз. Қазақтың басынан талай қилы замандар өткеніне тарих куәгер. Әрқашанда рухымыз биік, ақкөңіл, парасатты, тала-



пқа бағынғыш халық едік қой. Осы ретте де сол асыл қасиеттерімізді сақтап, сабырға жүгінсек бұл жағдайдан да жеңіспен өтерміз.

— Қоғамдық шараларда белсенділігіңізді байқаймын. Жүрісіңіз ширақ. Көп жастарға осы жетіспей жатпай ма? Бүгінгі жастар бойындағы қандай жағымсыз қасиеттер сізге ұнамайды және оларды дұрыс тәрбиелеуде неге көңіл бөлуіміз керек? Өз балаларыңызды тәрбиелеудегі басты ұстанымыңызбен бөліссеңіз.

— Қоғам өміріне белсене араласуды азаматтық борышым деп қабылдаймын. Облыс әкімдігінің ішкі

саясат басқармасында интеллектуалдық топтың белсенді мүшесімін. Бұл істерге сол ұйымдардың шақыруымен қатысамын. Сөйлеймін, баяндамалар жасаймын, өз ойымды ортаға саламын, бөлісемін. Телехабарларға көп шақырады, жастар тәрбиесі, отбасы құндылықтары мен жастар арасындағы құқықбұзушылықтың себептері мен алдын алу шаралары туралы пікірімді сұрайды. Ондай шараларға жалғыз бармай, үздік оқитын шәкірттерімді ала жүремін. Ниетім — көпшілік алдында сөйлеуге үйренсін, ойын жеткізуге талаптансын, қоғамда туындаған мәселелерге үн қоссын дегенім. Бұл да

тәрбие берудің бір түрі. Жастар заман талабына сай жинақы, сергек, өз ісіне жауапты, ынталы болулары керек. Жарым екеуіміз екі ұл, бір қыз өсірдік. Сегіз немереміз бар. Оларды адалдыққа, адамгершілікке, кішіпейлдікке, мейірімділікке, жауапкершілікке, еңбекқорлыққа, тәртіптілікке, ауызбіршілікке, істеген істерін ынтамен жасауға тәрбиелеп келеміз. Ұрпағымыз үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп жатса, сондарына жаман сөз ермесе — еңбегіміздің ақталғаны.

— Өз Наурыз мерекесі келіп жетті. Көңіл күпті болғанмен, әркім өз отбасында лайықты қарсы алып, Жаңа күнге жаңа үміттерін арнады деп ойлаймын. Отбасыңызда Наурыз мерекесін тойлау дәстүрі жайында айтып өтсеңіз.

— Биыл Наурызды елімізде коронавирус індетіне байланысты жарияланған төтенше жағдайда жалпыхалықтық деңгейде тойлай алмадық. Өте өкінішті. Дегенмен отбасы құндылықтарын өзгертуге болмас. Жыл сайын Наурызда үлкеннен бата алу — дәстүріміз. 90 жасқа келген енем, сол жасқа таяған бауырым-ағайым бар. Сол кісілердің батасын алу — айнымас қағида. Әдеттегідей, дастарханымызға ұлттық тағамдар толады. Індеттен аман шығып, жадыраған жағза жарқырап жетейік! Жаңа күннің жақсылығына сенген үміттенген халықтың барша тілегі орындалсын деп тілеймін.



Тарихпен мәрсие

Воспитание историей

Education by history

Адам баласы ықылым заманнан уақытты терең сезінген. Уақыттың табиғи көріністерін өз өмірінің өлшемдері ретінде пайдаланып, шаруашылығын, күнкөрісін де соған бейімдей білген. Күндіз, түн, көктем, жаз, қыс сияқты табиғат ұсынған көріністерді уақыт өлшеміне айналдырған.

Алғашқы табиғи өлшемдер – күн мен түн. Одан кейінгісі – ай. Ай жаңа туып, бір сызық болып қана пайда болады. Уақыт пен өмірді ұштастыра отырып, ай туғанда оған үмітпен қарап, "Ай көрдім, аман көрдім, баяғыдай заман көрдім, ескі айда есіркедің, жаңа айда жарылқай гөр" деп тілек білдіріп жататыны да осыдан. "Ширек ай", "толған ай", "өлара" дегендерді қазақ бостан босқа айтпаған.

Уақыттың табиғи өлшемдерімен қатар халықтың өзі ойлап тапқан өлшемдер де шыға бастаған. "Сүт пісірім уақыт", "бие сауым уақыт", "тары қуырым уақыт", "күн құрық бойы көтерілгенде", "күн еңкейгенде", "күн арқан бойы көтерілгенде" – осының бәрі қазақтың өз қиялынан шыққан халықтық өлшемдер.

Жалпы уақыт туралы ғылым "хронология" (көне грек тілінен) деп аталады. Мұндағы "хронос" – "уақыт", "логос" – "ілім" деген сөз. Тәулік, сағат, минут, секунд сияқты уақыт өлшемдері де осы ғылымның туындылары. "Минут" латыншадан аударсақ, "кіші бөлшек" деген ұғымды, "секунд" "екінші", яғни "екінші кіші бөлшек" дегенді білдіреді.

Өркениетті ел боламыз десек, халықаралық терминдерден қашпауымыз керек. Бұл – дүниежүзілік рухани байлықтың бір бөлшегі.

"Календарь" – латыншадан аударғанда "айдың басы" деген сөз. Көне Рим елінде айдың басында салық жинап, оны тізетін кітапты "календарийум" деп атайды екен. Осы сөз бүгінгі "календарь" сөзінің төркіні.

Астрономдар Жердің, Күннің айналып шығу мерзімі 365 күн 6 сағат екенін анықтап, осыдан әрбір төрт жылда бір тәулік құралып, жылға қосылып отыратын болған. Осыдан келіп февраль айы 29 күнге толып, жыл "високосный" деп аталған. Мұның өзі латынның "бис секстусы" славян елдерінде "високос" түрінде қабылданып, күні бүгінге дейін сол қалпында қолданылып келеді. Бүгінгі қазақ тілінде орыстың "високосы" да емес, арабтың "кәбісесі" де емес, латынның "бис секстусы" қолданылса дұрыс болар еді. Сөздің түпнұсқасын бұзбай қолдану оның төркінін тез түсінуге ыңғайлы. Демек, 1996 жыл – бис секстус жылы десек қателеспейміз. Осындай ойды халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі Халел Досмұхамедов те өз кезінде атап көрсеткен екен.

Жалпы "жыл" деген сөздің этимологиясын венгриялық атақты түрколог Г.Вамбери көне түркі тілінің "илу" деген етістігімен байланыстырады, мұнда уақыттың бір нүктеден шығып, қайтадан соған иіліп оралуын бір "йыл" деп түсіндіреді. Мәдениетімізді ұлттық негізде дамытуға бет бұрып отырғанда ата-бабаларымыздың көптеген маңызы бар дәстүрлерін халықтың игілігіне жаратуға ұмтылып жатырмыз. Солардың бірі – Наурыз тойы. Мұны Шығыс халқына тән той, жаңа жыл тойы дейміз. Жаңа жыл ұғымы бізге

таныс. Бірақ, Наурыздың Жаңа жыл ретінде өзіне тән ерекшеліктері бар. 1-қаңтардан басталатын Жаңа жылдың табиғатпен ешқандай байланысы жоқ. Бұл – христиан дінінің бастамасымен өмірге жасанды түрде енгізілген Жаңа жыл Наурыз болса, күн мен түннің теңелген күні. Сонымен қатар жаңарудың, көгеріп-көктеудің, өсіп-өрудің басы. Демек, табиғаттың өзі ұсынып отырған Жаңа жыл Көктемге қарай табиғат пен адамның жаңару, түлеу кезеңі басталады. Бұл кезде адамның жан дүниесі мен табиғаттың тылсым сырының іштей үндестігі бар сияқты.

"Наурыз" парсының сөзі, қазақша аудармасы – "жаңа күн". Бүгінгі қолданылып жүрген календарьдың 22 марты жаңа күн немесе Жаңа



Мұхтар АРЫН:

НАУРЫЗДАН НАУРЫЗҒА ДЕЙІН

НЕМЕСЕ КАЛЕНДАРЬ ТУРАЛЫ БІРЕП СӨЗ (МАҚАЛА 1995 ЖЫЛЫ ЖАЗЫЛҒАН)

жылдың бірінші күні. Демес, парсы календары бойынша наурыз айының бірінші жұлдызы болып саналады. Парсы календарында әрқайсысында 30 күннен 12 ай бар. Сонда бір жылда 360 күн он екі айға бөлініп, қалған бес күні – марттың 17-сі мен 22-сінің аралығы, "бесқонақ" деп аталады. Мұның мәнісі ешбір айға енбейтін, жалпы жылға қонақ күндер деп түсіндіріледі.

Жалпы календарь жүйесі туралы мағлұмат алу кім үшін де артық болмайды. Қазіргі біздің пайдаланып жүрген календарымызды "григориан календары" дейді. Бұл календарьдың алғашқы нұсқасын "юлиан календары" деп атаған. Жыл санау дәстүрі – көне дәстүр. Ерте заманда көптеген өркениетті елдер өздерінің жыл санау жүйесін ойлап тапқан. Бірақ, бұл тәсілдер әрқилы болғандықтан, олардың календары да әртүрлі болып шыққан.

Алғашқы біртұтас календарь Рим империясының атақты әскери қолбасшысы, императоры Юлий Цезарьдың бастамасымен жасалып, кейінгірек сол кісінің атымен "юлиан календары" деп аталып кеткен. Біздің эрамыздың 563 жылы Римдегі христиан діні ордасы Ватиканның оқымыстылары және басқа да математик-астрономдар юлиан календары бойынша жыл санау Иисус Христостың дүниеге келуінен басталады деп тұжырымдаған. Осыған байланысты бұл календарь діни мағынаға ие болып, Жаңа жыл қарсаңы Иса пайғамбардың туған күні деп тойланатын болды.

1582 жылы Ватиканның сол кездегі папасы Григорий XIII астрономдардың ғылыми негізде дәлелденген, табиғи уақыт пен календарлық уақыттың алшақтығын ескеріп, жаңа календарь жасады. Бұл "григориан календары" деп аталып кетті. Әдетте, юлиан календарын "ескі санат", григориан календарын "жаңа санат" деп атайды. Екеуінің айырмашылығы – 13 күн. Мысалы, григориан календары бойынша Жаңа жыл 1 қаңтарға, ал юлиан календары бойынша 14 қаңтарға сәйкес келеді. Бұлар – күн календарлары.

Ислам әлемінде қолданылатын календарь "Хиджра" деп аталады. Бұл – ай календары. "Хиджра" деген сөз арабшадан "қашып, қоныс аудару" болып тәржімеленеді. Пайғамбарымыз григориан календары бойынша есептегенде 622 жылы, араб календарындағы мұһаррам деп аталатын айдың 16-жұлдызында, жұма күні Меккеден Мәдинаға баруға мәжбүр болған екен. Мәдиналықтар пайғамбарды құшақ жая қарсы алып, ислам дінін қабылдаған көрінеді. Сондықтан, мұһаррам айы хиджра календарында бірінші ай, жұма күні ислам әлемінде қасиетті күн болып саналады. Ай календары бойынша он екі айда 354 күн бар. Сондықтан әрбір ай сайын он бір күнге ауысып келіп отырады. Соның салдарынан хиджра айлары біздің жыл мезгілімізді тұрақты көрсетіп отыруға жарамайды. Мысалы, рамазан (ораз) айы жылдың өр түрлі мезгілінде келіп тұратыны осы себептен.

Араб айларының аттарын біліп қойған мұсылман қауымына артық болмайды. Олар: мұһаррам, сафар, рабиғұл-әл-аууал, рабиғұл-әс-сәни, жұмада-әл-ахира, ражаб, шағбан, рамадан, шәууал зү-ль-ижжа. Был мұһаррам айы григорианның июнь-июль айына сәйкес келіп, хиджра бойынша 1415 жыл кіреді.

Григориан календарындағы ай аттары бізге үйреншікті болып кетті. Дегенмен олардың мағыналарын да білген жөн. Осыған орай, январь маңдай жағында да, желке жағында да беті бар Янус атты құдайдың есімімен байланысты. Өткен жылды да, жаңа жылды да көріп, шолып, баға беріп, мақсат қою идеясынан туған болуы керек. Сол сияқты жер асты қазынасының қамқоршы құдайы февраль, соғыс құдайы Марс, көгеріп-көктеудің құдайы Майя, өнім байлығының құдайы Юнона есімдерімен аталған айларды тану қиын емес. Апрель айы – құдай аты емес, "гүлдену" сөзімен байланысты. Жетінші, сегізінші айлар календарьға Юлий Цезарьдың жиен немере інісі Октавиан Август императордың кезінде енгізілген. Бұл кісі өзінің ағасының атын жетінші айға, өз атын сегізінші айға бере отырып, екеуін де ең көп санды 31 күндік ай жасаған. Сентябрь, октябрь, ноябрь, декабрь айларының аттары латынның "жетінші", "сегізінші", "тоғызыншы", "оныншы" деген сөздерін білдіреді. Бірақ, алдыңғы екі императордың атымен аталған айлар соңғы төрт айдың сандық және реттік мағыналарының арасында

алшақтық енгізіп тұр. Ана тілімізбен қауышып жатқан кезде өз тіліміздегі ай атауларын білу парыз. Біздің ойымызша, он екі айдың екеуінің аты (наурыз, шілде) парсы сөздері де, қалғандары түркі сөздері. "Чіл" сөзі парсыдан қазақшаға "қырық" болып аударылады. "Қырық күн шілде", "шілдехана" деген сөздер жаңағы "қырық" деген мағынаға байланысты. Парсылар жаздағы ыстық уақыттың қырық күні мен қыстағы суық уақыттың қырық күнін "шілде күндері" деп есептеп, оларды ауа-райын болжайтуғын құрал ретінде пайдаланған екен. Шілдехана дүниеге келген нәрестені қырықнан шығарғанға дейінгі кезең. Көнекөз ақсақалдарымыз, білімдар ұстаздарымыз ай атауларының мағыналарын айналасына түсіндіре жүргені жөн. Бұл аса қиын іс емес. Қазан айының аталуын әркімдер ер түрлі топшылайды. Біздің ойымызша, бұл ерекше күшті, дүлей желдің аты

дармен байланысты шыққан. Исатай ауданының орталығы Ақырап октябрь сөзінің қазақша баламасы. Өйткені, Ақырап шоқжұлдызы октябрь атына сәйкес келеді. Шоқжұлдыздар арқылы адам тағдырын, оның ішкі табиғатын сипаттау әр елде де бар әдет. Қазақ халқында да "жұлдызың жоғарылай берсін" деген аталы сөздер жиі қолданылған. Біздің аузымызға "сәт", "дәм" деген екі сиқырлы сөз түсе береді. "Құдай сәтін түсірсін" немесе "дәм тартса" деген қасиетті ұғымдардың өзіндік терең сырлары бар. "Сәт" ұғымын шоқжұлдыздармен байланыстыру Шығыс елдерінде көнеден қолданылып келе жатқан тәсіл. Араб елдерінің халифаларының өз сарайларында жұлдызшаларды ұстауы осыған байланысты.

Біреу ауыз сөз ешкімүйіз туралы. Біздің жаңа елтаңбамызда ешкімүйіз бейнеленген. Бұл жерде "мүйіз неге аттың басында тұр" деген сұрақ осы күнге дейін қойы-

мүшел – есейіп, қалыптасу шақ" деп адамның жас ерекшелігін сипаттап жатады. "Мүшел" сөзі көне түркі тілінің "мыш" ("алтымыш", "жетімыш"), бізше "он" деген ұғымы мен "йыл", яғни "жыл" ұғымының қосылуынан туындап тұр. Кейбір ғалымдардың пайымдауынша, ертеде бір мүшелде он жыл болған екен. Кейінірек, он екі шоқжұлдыздың зерттелуімен байланысты мүшелге қосымша екі жыл енген көрінеді. Екінші бір пайымдау бойынша, бұл сөздің бірінші түбірі парсының "муш", яғни "тышқан" деген сөзінен, ал екінші түбірі әлгінде айтылған "йыл", яғни "жыл" сөзінен құралған. Біздің ойымызша, бірінші пайымдау дұрысырақ сияқты.

Қазақта бірінші мүшелді он үш жылдан қайырады. Мұның екі себебі бар. Біріншіден, қазақ үшін баласы жылдың бірінші күні туды ма, соңғы күні туды ма – бәрібір. Екіншіден, жалғыз қазақ емес, бүкіл Шығыс халқы аның құрсағындағы тоғыз айды да бір жылға санайды. Сондықтан алғашқы мүшел он үш жылдан тұрады. Қалғандары он екі жылдан өз ретімен келе береді.

Зодиактың он екі шоқжұлдыздары тәрізді он екі жыл да хайуандар аттарымен таңбаланады. Мұның алтауы – үй жануары да, алтауы хайуан (қоянды жабайыға санайды).

Тағы бір уақыт өлшемі – апта ұғымына қатысты. «Апта» парсыдан қазақшаға «жеті» болып аударылады. Бір аптада жеті күннің болуы аспан әлемімен байланысты. Күн, Ай, Марс, Меркурий, Юпитер, Венера, Сатурн секілді адамның көзіне көрініп тұрған аспан денелері жеті күнге негіз болған. Кейбір елдердің күн атауларында бұл қағида жақсы сақталған. Мысалы, немістің "зонтаг" сөзі қазақшаға "күн күні", "мотаг" – "ай күні" болып аударылады. Біз қолданып жүрген апталық күн аттары негізінен парсы сөздері. Мысалы, "жексенбі" парсының «иек шәмбе», яғни "бірінші күн", "сейсенбі" – "се шәмбе", яғни "үшінші күн", "сәрсенбі" – "чәяр шәмбе", яғни "төртінші күн", "бейсенбі" – "пенд шәмбе", яғни «бесінші күн». Келесі күннің аты "жұма" – араб сөзі. Арабтың "джәм" деген сөзі қазақша "жиын, жиылу" деген ұғымды білдіреді. Біз қолданып жүрген "жәмиғат" сөзі осы "жұма" сөзімен түбірлес. Жетінші күннің аты

налады екен. "Шарайна" – төрт жақты түгел қамти бейнелеу деген мағынаны білдіреді.

Жыл атауларын, ай атауларын, апта күндерінің атауларын тізбелеп қайтандағы мақсатымыз – Наурыз қайтып оралған сайын пайда болатын қызығушылыққа байланысты. Осы орайда Наурызды қалай пайдалануға болар еді. Екі мақсатта пайдаланған орынды деп есептеймін. Біріншіден, табиғи Жаңа жыл ретінде, ата-бабамыздың Жаңа жылы деп сенуіміз керек. Табиғи деп отырғанымыз, бұл жаңару кезеңі. Шығыс елдерінде Жаңа жылға бір күн қалғанда бүкіл жыл бойына жиналған күл-қоқыстардан құтылады. Бұл заттық қана мағынада емес, имандылық жағынан да түйсінуді тілейді. Бойдағы қайғы-қасірет, күне, жаман қылықтар, кемшіліктер «құдай-ай, тазарта гөр» деген игі тілекпен, күл-қоқыспен бірге шығарылып тасталамақ. Мұның өзі – ауқымы кең дүние, адамның ішкі табиғатымен байланысты. «Мен де табиғатша түлеймін, жаңарамын» дегенді білдіреді. Екіншіден, той тойлаумен бірге болса, соны жаңартуға болмайтындығын ескере отырып, терең тәрбиелік құны бар әдет-ғұрыпты, салт-санамызды халықтың көз алдына қайтадан келтіру мақсаты алға қойылуы керек. Бұл жағына көңілді көбірек бөліп, жаңару, түзеу дегенді ұмыт қалдырсақ, түптің түбінде Наурыздың Жаңа жылдық қасиетінен айырылып қалуымыз да жапа емес. Ескінің көзін көрсеткеннің еш айыбы жоқ. Дегенмен мұндайда, өттең, қазақ ыдыстарының мұражайы болса, оның даму сатысын көрсетіп қойса дейсің.

Бір айта кететін жайт – той өткізіміз, маңайды думанға бөлейміз, кейде осынымыз әлдекімдерге ұнамай жатады. Бірақ біз бұған шыдамдылық таныта отырып, жұмысты жалғастыра береміз, бұл жолда үнемі ойда тұруға тиіс мақсат сол – ол танымға бағытталуы керек. Бұл үлкен ұғым. Ең бірінші – өзіндік өзің таны. Өзінді өзің танымасаң, басқа біреуді тануға құштарлығыңның қажеті де жоқ. Өзінді танып алған соң барып, «маған қосымша мынадай керек, ол басқада бар ма екен өзі?» дей аласың. Наурыз тойын өткізгенде құр өн салу, би билеумен шектелуге болмайды. Кім нені біледі? Білмесе білдіретіндей етіп, Наурыздың төңірегінде толып жатқан дүниетанымдық сайыстар өткізілуі керек.

Меніңше, Наурыз мерекесін адам бойындағы жүректің жылылығымен байланыстырып өткізген дұрыс. «Самарханның көк тасы ерітін күн» деуімізге себеп – Самарқанда әйгілі Ақсақ Темірдің бағы бар, бұл күні қаһарлы ханның қаһары да жибиді, егер біреу өлім жазасына кесілсе, оны өлімге бұйырпай аман алып қалатын, райынан қайтаратын күн бұл.

Биылғы жыл – халықаралық отбасы жылы. қазақ «Жақыныңды жаттай сыйла, жат жанынан түңілісін» дейді. Ағайын-туған, жек-жұрағатпен табысып, құтты болсын айтып жатса, қандай! Кеңілдегі кірбің, ұсақ-түйек реніштің бәрінен құтылатын күн де осы күн. «Жақсының кегі – шайы ормал кепкенше» деп халқымыз бекер айтпаған. Отбасының тойы болғаны дұрыс дейміз. Әр үйдің өзінің дастарханы жайылса, шаңырақ мерекесіне айналса.

Дайындаған
Гүлнара Қараша.



сияқты. Халықтың "Елу жылда – ел жаңа, жүз жылда – қазан" деп отырғаны осыған мезгіл тұлғандай. Әр жүз жылда табиғаттың бір апат, дүлей құбылысы болуы, ол Жерді өзгертуге дейін апаруы мүмкін.

Жылдың он екі айын төрт тоқсанға бөліп, әр тоқсанның бір жыл мезгіліне сәйкес келетінін қазақ халқы да түсініп, өздерінің әлеуметтік өміріне пайдаланған. Ұлы ғалым Ахмет ақсақал Байтұрсын жылы мезгілдерін «қыстоқсан», «жазтоқсан», «шілдетоқсан», «желтоқсан» деп аталғанын айтыпты. Бұл атауларда үлкен мағына бар.

Бір жылда ай санының он екі болуы тегін емес. Бұл "зодиак" деп аталатын он екі шоқжұлдыздың санына байланысты. Сондықтан әр шоқжұлдыз бір айға сәйкес келеді. "Зодиак" көне грек тілінің "зоон" яғни "хайуан" деген сөзімен байланысты. "Зоопарк" деген сөздің бірінші түбірі де осы мағынаны білдіреді. Он екі шоқжұлдыз атаулары хайуанаттармен таңбаланған. Осы атаулардың арабша, қазақша, орысша баламалары күнделікті өмірімізде кездесетін болып жүр. Олар: хамал-тоқтыөвен, сәуір-торпақ-телец, жәуза-егіз-близнецки, саратан-шаян-рак, әсет-арыстан-лев, сүмбіле-бикеш-дева, мизан-таразы-весы, ақырап-бүйі-скорпион, хауыс-мерген-стрелец, жәди-ешкімүйіз-козерог, дәлу-сұқйғыш-водолей, хут-балық-рыба. Араб атауларының барлығы дерлік қазаққа таныс. Камал, Нұркамал, Бикамал, Хауыс, Хаусыл секілді адам есімдері де осы шоқжұлдыз-

лып келеді. Символика сырын тікелей түсінуге болмайды. Оның астарына үңіле білу керек. Ешкімүйіз шоқжұлдызы желтоқсан айына сәйкес келеді. Желтоқсан оқиғасы халқымыздың тарихында елеулі орын алары сөзсіз. Ал ат, шаңырақ – ол өзіміздің әлеуметтік өмірімізде, ұлттық психологиямызда терең ұялаған ұғымдар. "Аттың басында мүйіз тұр" деп сөкенудің қажеті жоқ. Көне Рим елінде "кентавр" деп аталатұғын, денесі жыл-

Мұхтар Ғалиұлы Арын — белгілі қоғам қайраткері, филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ақтөбе педагогикалық институтының (қазіргі Жұбанов университеті) 1983-1995 жж. ректоры. Көзі тірісінде-ақ ел ардағы болған, халық «Ұлт ұстазы», «Нар қазақ» атап, қадір тұтқан абзал жанның қысқа ғұмырында қалдырған тәрбиелік тағылымы зор жазбалары мол Бірі — «Наурыздан Наурызға дейін» ғылыми-танымдық мақаласы, бұл ұлағатты ұстаздың соңғы еңбегі. Мақала «Бес анық» кітабынан көшіріліп, басылды.

қы, басы адам символика бар. Мұндағы идея – адам өз-өзіне қызмет қылып, өз-өзін басқарып, өмір сүрсе деген ізгі тілек. Бәрімізге мәлім "кит" сөзі арабтың "хут" деген сөзінен туындалғанын біліп қойған дұрыс.

Қазақтың уақыт санатындағы ерекше бір орын алатын өлшемдік құрал – мүшел. Мүшел уақыт есебі ретінде әдетте адамның жасына байланысты қолданылады. "Біз бұл жерге мүшел бұрын көшіп келдік" деп айтпайды. "Мүшеліңіз құтты болсын", "жеті мүшел жасағанның жаны пейіште болады", "бірінші мүшел – балалық шақ", "екінші

жәй ғана "шәмбе" немесе "апта" – "сенбі".

Осы атаулардағы "иек" (бір) және "чәяр" (төрт) сөздеріне тоқталып өткен жөн. Өзімізге таныс "әпитек" сөзі парсының "апта" және "иек" деген екі сөзінен құралып, "жетіден бір" деген мағынаны білдіреді. Ал "ширек" – "чәяр", "иек" деген сөздерден құралып, "төрттен бір" мағынасын береді. Тілімізде жиі қолданылатын "шартарап" парсының "чаһар", "тарап" сөздерінен тұрады да, "төрт жақ" деге ұғымды білдіреді. Қаланы біз басқаша "шар" деп атаймыз. Көне Иран елінде қала төрт бұрышты болып са-

Пятница 13 марта действительно стала "черной" для Казахстана. В стране были зафиксированы первые случаи заражения коронавирусной инфекцией. Специалисты, курирующие здравоохранение и санитарную эпидемиологию, были готовы к встрече COVID-19. Уже известная на весь мир инфекция, замкнула наше государство в "кольцо". А последнее сформировалось из приграничных с нами Китая, России, Азербайджана, которые к тому времени вели серьезную борьбу с пандемией.

Предотвратить распространение COVID-19 за

7 ШАГОВ

- 01 Чаше мойте руки
- 02 Не касайтесь глаз, носа и рта
- 03 При кашле прикрывайте рот локтем или бумажной салфеткой
- 04 Избегайте людных мест и тесного контакта с теми, у кого есть лихорадка или кашель
- 05 Оставайтесь дома, если вам нездоровится
- 06 Если у вас жар, кашель и затрудненное дыхание, как можно раньше обратитесь за медицинской помощью по телефону
- 07 Получайте информацию из надежных источников



#СтопКоронавирус

Статистика в первые дни формировалась за счет привозных случаев. Позже стали выявляться положительные тесты на коронавирус у контактного населения. Так случилось с жительницей Акмолинской области. После продолжительной поездки в Алматы и Жамбылскую область 64-летняя казахстанка была госпитализирована в одну из клиник столицы с признаками пневмонии. Она скончалась на 2 сутки от осложнений, вызванных, как стало позже известно, COVID-19. К концу марта статистика составила 340 случаев с двумя смертельными исходами. Есть и положительная динамика. Более 20 наших граждан уже получили эффект от лечения и выписаны с диагнозом "выздо-

рвления".

Тем временем в стране приняты беспрецедентные меры по недопущению распространения коронавируса. 15 марта президент Казахстана К. Токаев объявил о введении режима Чрезвычайного положения, который вступил в силу с 19 марта на карантин закрылись два мегаполиса - Нур-Султан и Алматы. В конце месяца в зоне карантина оказались Атырауская, Актыубинская, Карагандинская области, города Шымкент и Актау. Костанайская область ввела ограничения въезда и выезда для недопущения старта статистики, ведь это единственный регион без случаев заражения на март.

В Актобе первый зараженный коронавирусом зафиксиро-

ГЛАВНО



СОЦИАЛЬНАЯ ДИСТАНЦИРОВАНИЕ

рован 22 марта. Неделий позже выявлен еще 2 пациента. Оба были госпитализированы с трапа самолета, а контактировавшие в салоне судна помещены в провизорные госпитали. "Для изоляции граждан подлежащих 14-дневному карантину созданы условия в

